

МОДУЛЬ 3. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. № 12. Семинар сабағының тақырыбы. Үйсіндер, қоныстану аймағы, әскери-саяси құрылымы, шаруашылығы, археологиялық ескерткіштері.

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттері Үйсін тайпалар одағының территориясы, әскери-саяси ұйымдасуы, шаруашылығы, қоғамдық құрылысы туралы талдау жасау.

3. Сабақтың мазмұны:

Үйсін мемлекеті (баяндамалар):

А) Үйсіндер – Орталық Азиядағы ертедегі алғашқы этникалық бірлестіктің бірі;

Ә) Үйсіндер туралы деректер.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, видеоролик.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі: Дербес жұмысқа арналған тақырыптар

1. Үйсіндерде жекеменшік болғанының белгісі.

2. Үйсіндердің шаруашылығы.

3. Үйсіндердің Салт-дәстүрі және діни-нанымы.

Дәрісханада өткізілетін жұмыс:

Оқытушының алғы сөзі:

Үйсіндер ежелден келе жатқан белгілі түркі тайпаларының бірі. Сондай-ақ, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тай-палар қатарына жатады.

Жазба деректерде б.з.д. I ғасырда үйсін халқының саны 630 мың болған делінеді.

Мұның өзі олардың іргелі ел болғанын дәлелдейді. Үйсіндердің жайлаулары мен қыстаулары Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында болған. Іле, Талас өзендері бойында егіншілік өркендеген. Мемлекеттің астанасы Қызыл Аңғар (Чигучен) қаласы. Ол қала қазіргі Ыстықкөл мен Іле өзе-нінің оңтүстік жағасында орын тепкен. Жетісудағы тиграхауд сақтардың орнын кейін үйсін тайпалары мекендеді. Үйсіндердің территориясы: батыста Шу, Талас өзендеріне, шығыста Тянь-Шань тауларының шығыс бөлігін, ал солтүстікте Балқаш кө-лінен бастап, Оңтүстікте Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына дейінгі өңірді қамтыды.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі:

1-деңгей. *Дебат:* Үйсіндер жайлы ежелгі тарихшы Сыма-Цянь қалдырған мәлімет туралы мәселеге тоқталу.

2-деңгей. *Реферат презентациясы:*

1. Үйсіндер шаруашылығы.

2. Үйсіндер ескерткіштері.

3-деңгей. Үйсіндердің көрші елдермен оның ішінде қаңлылармен, ғұндармен қатынасы.

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері: Үйсіндердің саяси тарихымен таныса отырып, оқиғалардың хронологиялық кестесін құру қажет.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.

2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.

3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.

4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.

5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.

6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.

7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.

8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.

9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., Ғыбитов Т.Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін): Монография. 1-том: Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ

2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.

3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>

2. https://vk.com/history_qaz